

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы Дәріс кешені «Денсаулық сақтау саясаты және заңнама»		58/ 12 16 беттің 1 беті

ДӘРІС КЕШЕНІ

Пәні: «Денсаулық сақтау саясаты және заңнама»

Пән коды: DSSZ 4314

ББ атауы және шифры: 6B10111 «Қоғамдық денсаулық»

Оқу сағаты/кредит көлемі: 150 сағат / 5 кредит

Оқу курсы мен семестрі: 4 курс, 8 семестр

Дәріс көлемі: 10 сағат

Шымкент, 2025ж.

ОНТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы		58/ 12
Дәріс кешені «Денсаулық сақтау саясаты және заңнама»		16 беттің 2 беті

Дәріс кешені «Денсаулық сақтау саясаты және заңнама» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасына (силлабус) сәйкес әзірленген және кафедра мәжілісінде талқыланды

Хаттама № 16 « 26 » 06 2025 ж.

Кафедра меңгерушісі:

м.ғ.к., қауым.проф.



Сарсенбаева Г.Ж.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы Дәріс кешені «Денсаулық сақтау саясаты және заңнама»		58/ 12 16 беттің 3 беті

№1 дәріс

1.Тақырыбы: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтаудың ұйымдастыру-құқықтық базасы.

2.Мақсаты : Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтаудың ұйымдық-құқықтық базасын зерделеу. Нарық жағдайындағы денсаулық сақтау. Қазіргі уақытта денсаулық сақтаудың басым бағыттары.

3. Дәріс тезистері:

1. Кіріспе

- Денсаулық сақтау – халықтың денсаулығын сақтау мен нығайтуға бағытталған мемлекеттің әлеуметтік саясатының негізгі саласы. Қазақстанда бұл сала стратегиялық басымдық ретінде қарастырылады, себебі ол адами капиталдың дамуын және өмір сапасының артуын қамтамасыз етеді.
- Ұйымдастырушылық-құқықтық база – денсаулық сақтау саясатын жүзеге асырудың тетіктерін анықтап, азаматтардың құқықтары мен міндеттерін, билік органдарының, медициналық ұйымдар мен қызметкерлердің өкілеттіліктерін бекітеді.

2. Денсаулық сақтау саласындағы саясат

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік саясат Конституцияға (29-бап) негізделеді және әрбір азаматтың денсаулықты қорғауға, кепілдендірілген тегін медициналық көмек алуға құқығын бекітеді.

Негізгі қағидаттар:

- Халық денсаулығының басымдығы басқа әлеуметтік құндылықтарға қарағанда жоғары.
- Медициналық көмектің қолжетімділігі мен әділеттілігі.
- Аурудың алдын алуға бағытталуы.
- Ғылым, тәжірибе және білімді интеграциялау.
- Мемлекет, қоғам және тұлғаның денсаулық үшін ортақ жауапкершілігі.

Саясаттың мақсаттары:

1. Медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыру.
 2. Аурушандық пен өлім-жітімді төмендету.
 3. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін (МӨМС) дамыту.
 4. Цифрландыру мен инновациялық технологияларды енгізу.
 5. Дәрілік қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қызмет сапасын бақылау.
3. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтаудың құқықтық негіздері

Конституциялық негіздер

ҚР Конституциясы (1995 ж.): азаматтардың денсаулықты қорғауға және тегін медициналық көмекке құқығы.

Негізгі заңдар:

1. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексі (2020 ж.) азаматтар мен медицина қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттерін реттейді; денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік кепілдіктерді айқындайды; профилактика, медициналық көмек және дәрілік қамтамасыз ету мәселелерін қамтиды.
2. «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» ҚР Заңы (2015 ж.) денсаулық сақтауды ортақ қаржыландыруды енгізеді; МӨМС жүйесіндегі қызметтер тізімін анықтайды.
3. Еңбек кодексі, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс, Қылмыстық кодекс – денсаулық сақтау саласындағы жауапкершілікті реттейді.
 - Салалық актілер
 - ҚР Үкіметінің қаулылары.
 - ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрықтары мен нұсқаулықтары.
 - Ұлттық клиникалық хаттамалар.
4. Денсаулық сақтауды мемлекеттік басқару
Негізгі орган – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, ол: мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады; медициналық ұйымдардың қызметін үйлестіреді; стандарттар мен хаттамаларды әзірлейді; медициналық қызмет сапасын бақылайды.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы Дәріс кешені «Денсаулық сақтау саясаты және заңнама»		58/ 12 16 беттің 4 беті

Аймақтық деңгейде әкімдіктердің денсаулық сақтау басқармалары жұмыс істейді.

5. Денсаулық сақтау жүйесін қаржыландыру

Мемлекеттік бюджет (тегін көмектің кепілдендірілген көлемі).

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӨМС).

Ерікті медициналық сақтандыру (ЕМС).

Азаматтардың жеке шығындары.

6. Қазіргі басым бағыттар

Алғашқы медициналық-санитариялық көмекті (АМСК) дамыту.

Цифрландыру (электронды денсаулық сақтау, телемедицина).

Аурулардың алдын алу және ерте диагностика.

Ана мен баланы қорғау.

Медициналық кадрларды даярлау және қайта даярлау.

7. Қорытынды

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтаудың ұйымдастырушылық-құқықтық негіздері мемлекеттік саясатты іске асыруда маңызды рөл атқарады. Қазіргі реформалар қолжетімді және сапалы медициналық көмекті қамтамасыз етуге, сақтандыру медицинасын дамытуға және халық денсаулығын нығайтуға бағытталған.

Халықтың денсаулығы – елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық ресурсы.

4. Иллюстрациялық материал: презентация (13 слайд ұсынылады).

5.Әдебиет: 1- қосымшаны қараңыз

6. Бакылау сұрақтары (кері байланысы):

1. Денсаулық сақтаудағы басым бағыттар қандай?

2. Денсаулық сақтаудағы нарықтық экономиканың қандай элементтері тиімді?

№2 дәріс

1.Тақырыбы: Қазақстан Республикасының азаматтарының денсаулығын қорғаудың конституциялық негіздері

2.Мақсаты : ҚР азаматтарының денсаулығын қорғаудағы құқықтық негіздерімен таныстыру.

3.Дәріс тезистері:

Мемлекет Қазақстан Республикасының азаматтарына кепілдендіреді: тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін, бастапқы медико-санитарлық көмектің қолжетімділігін, мемлекеттік және жекеменшік емдеу мекемелерінде көрсетілетін ақылы медициналық көмекті, санитарлық-эпидемиологиялық саулықты, медициналық көмектің сапасын, мазмұнын, көлемін, медициналық және дәрігерлік көмек көрсетуде кәсіпкерлікпен айналысуға және фармацевтикалық өнімді өндіру мен таратуға. Денсаулық сақтау саласындағы жүргізілетін мемлекеттік саясатпен таныстыру, ол мына қағидалар негізінде жүргізіледі: қауіпсіз, тиімді, сапалы медициналық көмек алуға азаматтардың тең құқығын сақтау; мемлекеттің, жұмыс берушінің, азаматтардың өзінің және қоғамдық денсаулық сақтаудағы жауапкершілікті тең бөлісу, ана мен бала денсаулығын қорғау, тегін медициналық көмектің кепілденген көлемін қамтамасыз ету, денсаулық сақтау жүйесінде профилактикалық бағыттың басымдығы, медициналық көмектің қол жетімді болуы, медициналық көмектің сапасын жоғарылату, тұрғындардың санитарлық-эпидемиологиялық қолайлықты қамтамасыз ету, денсаулық сақтау мекемелерінің медициналық көмек көрсетудегі жұмысының сатысын сақтау, жаңа оқыту технологиясын қолдана отырып медициналық, фармацевтикалық білім беруді қамтамасыз ету, отандық медициналық ғылымға мемлекеттік қолдау жасау жатады.

Денсаулық сақтау саласындағы құқықтарды қамтамасыз етудің кепілдіктері

Мемлекет Қазақстан Республикасының азаматтарына:

1) денсаулық сақтау құқығына;

2) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің көрсетілуіне;

3) медициналық көмекке бірдей қол жеткізуіне;

4) медициналық көмектің сапасына;

5) дәрілік заттардың қолжетімділігіне, сапасына, тиімділігі мен қауіпсіздігіне;

6) аурулардың профилактикасы, салауатты өмір салты мен дұрыс тамақтануды қалыптастыру

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы Дәріс кешені «Денсаулық сақтау саясаты және заңнама»		58/ 12 16 беттің 5 беті

жөніндегі іс-шаралардың жүргізілуіне;

7) жеке өмірге қол сұғылмауына, дәрігерлік құпияны құрайтын мәліметтердің сақталуына;

8) ұрпақты болуды таңдау еркіндігіне, ұрпақты болу денсаулығын сақтауға және ұрпақты болу құқықтарының сақталуына;

9) санитариялық-эпидемиологиялық, экологиялық салауаттылыққа және радиациялық қауіпсіздікке кепілдік береді.

88-бап. Азаматтардың құқықтары

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбеге сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алуға;

2) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде дәрілік заттармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз етілуге, оның ішінде белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтардың жекелеген санаттары уәкілетті орган бекітетін тізбеге сәйкес амбулаториялық деңгейде тегін немесе жеңілдікпен берілетін дәрілік заттармен және мамандандырылған емдік өнімдермен қамтамасыз етілуге;

3) медициналық ұйымды, сапалы әрі уақтылы медициналық көмекті еркін таңдауға;

4) өздерінің жеке қаражаты, ұйымдардың, ерікті сақтандыру жүйесінің қаражаты және тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінен тыс қосымша медициналық қызметтерге;

5) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен айақтар болған кезде, бюджет қаражаты есебінен шетелде медициналық көмек алуға;

4.Иллюстрациялық материал: презентация (10 слайд ұсынылады).

5.Әдебиет: 1-қосымшаны қараныз

6.Бақылау сұрақтары (кері байланысы):

1. Азаматтардың құқықтары қандай құжатта көрсетіледі?

2. Денсаулық сақтау саласындағы азаматтарға қандай мемлекеттік кепілдіктер бар?

№3 дәріс

1.Тақырыбы: Мекендеу ортасы факторларының қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейтін мемлекеттік нормативтік құқықтық актілер

2.Мақсаты: Санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылық қағидаларымен және міндеттерімен, денсаулық сақтаудағы құқықтарымен, қолайлы жағдайлармен таныстыру.

3.Дәріс тезистері:

"Адамның мекендеу ортасы мен денсаулығына әсер ету объектілері болып табылатын объектілердің санитариялық-қорғаныш аймақтарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2022 жылғы 11 қаңтардағы № ҚР ДСМ-2 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылы 11 қаңтарда № 26447 болып тіркелді.

Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қағидалар мен нормативтер — оларды сақтамау адамның өміріне немесе денсаулығына қатер, сондай-ақ аурулардың пайда болуы мен таралуына қатер төндіретін санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды (оның ішінде адам үшін мекендеу ортасы факторларының қауіпсіздігі және (немесе) зиянсыздығы өлшемшарттарын, гигиеналық және өзге де нормативтерді) белгілейтін нормативтік құқықтық актілер.

Санитарлық-эпидемиологиялық жағдай-белгілі бір уақытта белгілі бір аумақта халықтың денсаулығы мен мекендеу ортасының жай-күйі;

санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шаралар-мекендеу ортасы факторларының адамға зиянды әсерін жоюға немесе азайтуға, инфекциялық және паразиттік аурулардың пайда болуы мен таралуын, жаппай улануды болғызбауға және оларды жоюға бағытталған шаралар;

санитарлық-эпидемиологиялық жағдай-белгілі бір уақытта белгілі бір аумақта халықтың денсаулығы мен мекендеу ортасының жай-күйі;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы Дәріс кешені «Денсаулық сақтау саясаты және заңнама»		58/ 12 16 беттің 6 беті

санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шаралар-мекендеу ортасы факторларының адамға зиянды әсерін жоюға немесе азайтуға, инфекциялық және паразиттік аурулардың пайда болуы мен таралуын, жаппай улануды болғызбауға және оларды жоюға бағытталған шаралар;

халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы-мекендеу ортасы факторларының адамға зиянды әсері жоқ және оның тіршілік етуіне қолайлы жағдайлар қамтамасыз етілетін халық денсаулығының жай-күйі;

халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызмет-мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды, гигиеналық оқытуды, санитариялық-карантиндік бақылауды, радиациялық бақылауды, санитариялық-эпидемиологиялық нормалауды, қатерді бағалауды, санитариялық-эпидемиологиялық мониторингті, санитариялық-эпидемиологиялық бақылауды, санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды қамтитын, азаматтардың денсаулығын сақтауға бағытталған мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен ұйымдарының қызметі; эпидемиологиялық сараптама;

4. Иллюстрациялық материал: презентация (11 слайд ұсынылады).

5. Әдебиет: 1-қосымшаны қараңыз

6. Бақылау сұрақтары (кері байланысы):

1. Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау объектілерін тексеру түрлері .
2. Негізгі санитарлық-эпидемиологиялық талаптар .

№4 дәріс

1. Тақырыбы: Дәрігердің құқықтары, азаматтар мен пациенттердің денсаулық сақтау саласындағы құқықтары.

2. Мақсаты: Білім алушылар дәрігердің, азаматтар мен пациенттердің денсаулық сақтау саласындағы құқықтарымен таныстыру.

3. Дәріс тезистері: 87-бап. Денсаулық сақтау саласындағы құқықтарды қамтамасыз етудің кепілдіктері Мемлекет Қазақстан Республикасының азаматтарына:

- 1) денсаулық сақтау құқығына;
- 2) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің көрсетілуіне;
- 3) медициналық көмекке бірдей қол жеткізуіне;
- 4) медициналық көмектің сапасына;
- 5) дәрілік заттардың қолжетімділігіне, сапасына, тиімділігі мен қауіпсіздігіне;
- 6) аурулардың профилактикасы, салауатты өмір салты мен дұрыс тамақтануды қалыптастыру жөніндегі іс-шаралардың жүргізілуіне;
- 7) жеке өмірге қол сұғылмауына, дәрігерлік құпияны құрайтын мәліметтердің сақталуына;
- 8) ұрпақты болуды таңдау еркіндігіне, ұрпақты болу денсаулығын сақтауға және ұрпақты болу құқықтарының сақталуына;
- 9) санитариялық-эпидемиологиялық, экологиялық салауаттылыққа және радиациялық қауіпсіздікке кепілдік береді

88-бап. Азаматтардың құқықтары

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының:

- 1) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбеге сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алуға;
- 2) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде дәрілік заттармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз етілуге, оның ішінде белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтардың жекелеген санаттары уәкілетті орган бекітетін тізбеге сәйкес амбулаториялық деңгейде тегін немесе жеңілдікпен берілетін дәрілік заттармен және мамандандырылған емдік өнімдермен қамтамасыз етілуге;
- 3) медициналық ұйымды, сапалы әрі уақтылы медициналық көмекті еркін таңдауға;
- 4) өздерінің жеке қаражаты, ұйымдардың, ерікті сақтандыру жүйесінің қаражаты және тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінен тыс қосымша медициналық қызметтерге;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы Дәріс кешені «Денсаулық сақтау саясаты және заңнама»		58/ 12 16 беттің 7 беті

- 5) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен айғақтар болған кезде, бюджет қаражаты есебінен шетелде медициналық көмек алуға;
- 6) медицина қызметкерлерінің дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы дұрыс тағайындамауынан және қолданбауынан денсаулығына келтірілген зиянды өтетуге;
- 7) еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама бере отырып, еңбекке уақытша жарамсыздық фактісін куәландыруға;
- 8) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан және емдеуші дәрігерден олардың құзыреті шегінде аурулар профилактикасының, диагностикасының, оларды емдеудің және медициналық оңалтудың әдістері, клиникалық зерттеулер, қоршаған ортаның жай-күйін, еңбек, тұрмыс және демалыс жағдайларын, дұрыс тамақтану мен тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін, оның ішінде санитариялық-эпидемиологиялық сараптаманың қорытындыларын қоса алғанда, денсаулыққа әсер ететін факторлар туралы дәйекті ақпаратты өтеусіз алуға;
- 9) дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника айналысы саласындағы мемлекеттік органдардан, тәуелсіз сарапшы ұйымдардан және субъектілерден өткізілетін дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың қауіпсіздігі, тиімділігі мен сапасы туралы ақпарат алуға;
- 10) медицина және фармацевтика қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) денсаулық сақтау ұйымына, жоғары тұрған органға және (немесе) сот тәртібімен шағым жасауға;
- 11) мемлекеттік медициналық сараптама қорытындыларымен келіспеген жағдайда, тәуелсіз сарапшыларды тарту туралы өтініш беруге құқығы бар.

91-бап. Пациенттердің құқықтары

1. Пациенттің осы Кодекстің 88-бабында көрсетілген құқықтардан басқа:

- 1) диагностика, емдеу және күтім жасау процесінде өзіне лайықты ілтипат жасалып, өзінің мәдени және жеке басының құндылықтарына құрмет көрсетілуіне;
- 2) қандайда бір кемсітушілік факторларының ықпалынсыз, тек қана медициналық критерийлер негізінде айқындалатын кезектілікпен медициналық көмек алуға;
- 3) дәрігерді немесе медициналық ұйымды таңдауға, ауыстыруға;
- 4) отбасының, туыстары мен достарының, сондай-ақ діни бірлестіктер қызметшілерінің тарапынан қолдау көрсетілуіне;
- 5) медициналық технологиялардың қазіргі деңгейі қандай мүмкіндік берсе, сондай шамада дерт зардабының жеңілдетілуіне;
- 6) өзінің денсаулық жағдайы туралы тәуелсіз пікір естуге және консилиум өткізілуіне;

4. Иллюстрациялық материал: презентация(11 слайд ұсынылады).

5.Әдебиет: 1-қосымшаны қараңыз

6.Бақылау сұрақтары (кері байланысы):

1. Денсаулық қорғау саласындағы дәрігердің құқықтары қандай?
2. Денсаулық қорғау саласындағы азаматтардың құқықтары қандай?
3. Денсаулық қорғау саласындағы кейбір азаматтардың және науқастардың құқықтарын білесіз?

№5 дәріс

1.Тақырыбы: ҚР медициналық қызметінің конституциялық және құқықтық негіздері.

2.Мақсаты: ҚР Конституциясымен таныстыру. Денсаулық сақтау ұйымының қызметін реттейтін басқа да заңнамалық құжаттармен таныстыру.

3.Дәріс тезистері: Қазақстан Республикасының Конституциясы-Қазақстанның негізгі заңы. Қазақстан Республикасының қолданыстағы Конституциясы 1995 жылғы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда қабылданды

"Конституция" термині латынның "constitutio" - "орнаттым, орнаттым" деген сөзінен шыққан. Ол біздің дәуірімізге дейінгі бірінші ғасырда Ежелгі Римнің заңнамасында кездесіп, императордың әртүрлі актілерін, әдетте, мемлекеттің құрылымын бекітті. Сонымен бірге, конституция сол кезде мемлекеттің негізгі заңы, үстемдік пен жоғары заңды күшке ие акт болған жоқ.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы Дәріс кешені «Денсаулық сақтау саясаты және заңнама»		58/ 12 16 беттің 8 беті

Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі принциптерінің бірі халықтық егемендік қағидаты болып табылады, ол Қазақстандағы мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы оның халқы болып табылады (Конституцияның 3-бабының 1-тармағы).

Осы Конституциялық ережеден елдегі мемлекеттік билік халықтан туындайды, оған тиесілі және оны тікелей (республикалық референдум және еркін сайлау арқылы) жүзеге асыра алады немесе оны халық мемлекеттік органдарға бере алады (Конституцияның 3-бабының 2-тармағы).

Қазақстан Республикасының Негізгі заңында бекітілген халықтық егемендік қағидаты (немесе халықтың толық билігі) жалпыадамзаттық құндылығы бар және қазіргі заманғы демократиялық Конституциялардың көпшілігіне тән әмбебап қағидаттарға жатады.

Мемлекеттің егемендігі халықтың егемендігінен туындайтынын атап өту маңызды. Тек Қазақстан Республикасының халқы ғана мемлекеттің егемендігін құрушы және иеленушісі болып табылады, оның еркін білдіруі мемлекеттік билікті туғызады.

Осыған байланысты Мемлекет Қазақстан халқының ресми өкілі ретінде оның еркін білдіруге, республикада адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге міндетті. Сонымен бірге, мемлекеттік биліктің маңызды қасиеті ретінде егемендік мемлекеттің өзінің сапалы белгісі болып табылады. Мемлекеттік егемендік-бұл әр мемлекеттің ажырамас, имманентті қасиеті, оның субъективтілік туралы халықаралық құқықтарының міндетті шарты.

Осыған байланысты мемлекеттің егемендігі деп тиісті мемлекеттің аумағында және басқа мемлекеттерге қатысты мемлекеттік биліктің үстемдігі мен тәуелсіздігін түсіну әдетке айналған.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы

Қазақстан Республикасының Қолданыстағы Конституциясы. 1998 және 2007 жылдары Конституцияға Президент пен Парламенттің өкілеттіктерін қайта бөлетін елеулі өзгерістер енгізілді. Өзгерістер 2011 жылы да енгізілді, осы өзгерістермен Президентке мерзімінен бұрын Президент сайлауын өткізу құқығы берілді.

4.Иллюстрациялық материал: презентация(11 слайд ұсынылады).

5.Әдебиет: 1-қосымшаны қараңыз

6.Бақылау сұрақтары (кері байланысы):

1. ҚР Кодексінде мемлекеттік саясаттың қандай принциптері жазылған?
2. ҚР Кодексі қай жылы шығарылды?
3. ҚР Конституциясының қай бабында адамның денсаулыққа құқықтары баяндалған?

№6 дәріс

1.Тақырыбы: Медицина қызметкерлерін әлеуметтік-құқықтық қорғау.

2.Максаты: Студенттерді медициналық қызметкерлерді әлеуметтік-құқықтық қорғаумен таныстыру.

3.Дәріс тезистері : Медициналық және фармацевтикалық қызметкерлер міндетті: Өз кәсіптік міндеттерін шын пейілмен орыдау, пациенттерге мейіріммен және адамгершілікпен қарау, медициналық этика және деонтология қағидаларын ұстану, аурулардың алдын алуға атсалысу, азаматтардың денсаулығын

182-бап. Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері

1. Медицина және фармацевтика қызметкерлері:

- 1) кәсіби қызметін жүзеге асыруға арналған қажетті жағдайлармен қамтамасыз етілуге;
- 2) жеке медициналық қызмет (жеке практика) жүргізуге;
- 3) бес жылда кемінде бір рет мемлекеттік бюджеттің немесе денсаулық сақтау саласының мемлекеттік емес секторы ұйымының қызметкерлері болса, жұмыс берушінің қаражаты есебінен өзінің біліктілік деңгейін көтеруге;
- 4) штат санының қысқаруына немесе денсаулық сақтау ұйымдарының таратылуына байланысты қызметкерлер босап қалған жағдайда, бюджет немесе жұмыс берушінің қаражаты есебінен қайта даярлықтан өтуге;
- 5) еңбек міндеттерін атқару кезінде өздерінің денсаулығына немесе мүлкіне келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен өтетуге;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы Дәріс кешені «Денсаулық сақтау саясаты және заңнама»		58/ 12 16 беттің 9 беті

6) азаматтың өміріне қауіп төнген жағдайда ұйымдардың немесе азаматтардың меншігіндегі байланыс құралдарын, сондай-ақ қолда бар көліктің кез келген түрін азаматты таяу жердегі медициналық ұйымға жеткізу үшін кедергісіз және тегін пайдалануға;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүріп-тұру сипатындағы қызметіне байланысты көлік шығыстарын өтетуге;

8) кәсіби міндеттерін жоғары сапалы деңгейде орындағаны үшін көтермеленуге;

9) өзінің кәсіби ар-ожданы мен абыройын қорғауға;

10) медицина қызметкері тарабынан салақ немесе қырсыз көзқарас болмаған кезде азаматтың денсаулығына келтірілген зиян үшін кәсіби жауапкершілікті сақтандыруға құқылы.

3. Мемлекеттік денсаулық сақтау секторы ұйымдарының ауылдық жерде және қала үлгісіндегі кенттерде жұмыс істейтін медицина және фармацевтика қызметкерлеріне мынадай әлеуметтік қолдау шаралары ұсынылады:

1) жергілікті өкілді органдар айқындайтын мөлшерде лауазымдық жалақыға үстеме;

2) коммуналдық қызметтерге және отынға арналған шығыстарды облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары белгілеген мөлшерде бюджет қаражаты есебінен өтеу;

3) жеке меншігінде малы барлар жергілікті өкілді және атқарушы органдардың шешімі бойынша жем-шөппен, мал жайылатын және шөп шабылатын жер учаскелерімен қамтамасыз етіледі;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жеңілдіктерден басқа, денсаулық сақтау қызметкерлеріне жергілікті бюджеттер есебінен жергілікті өкілді органдар қосымша жеңілдіктер белгілеуі мүмкін.

Өзінің кәсіптік деңгейін бюджет қаражатынан немесе жұмыс беруші мекеменің атынан, егер қызметкер мемлекеттік емес ұйымның қызметкері болса, 5 жылда 1 рет. Өз кәсіптік міндеттерін орындау кезінде денсаулығына немесе өміріне қауіп болған бақытсыз жағдайларда айыппұл төлеу науқастың, өміріне қауіп төнген жағдайларда байланыс құралдарын, транспорттың барлық түрін ең жақын ауруханаға жеткізуге кедергісіз қолдануға, қызметтік тұрғын үй беру, көлік шығынын өтеу, өз кәсіби міндеттерін жоғары деңгейде орындаған жағдайда марапатау, өз кәсіби құқығын және арын сақтау, азаматтың денсаулығын сақтауда немесе оның денсаулығына нұқсан келтірген жағдайда кәсіптік жауапкершілікті сақтандыру. Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының ғылыми-педагогикалық кадрлардың білімін жетілдіру бюджет қаражаты есебінен, жұмыс берушінің есебінен жүргізіледі.

Міндеттер мен құқықтар, еңбек қатынастары.

Медициналық және фармацевтикалық қызметкерлердің ар Кодексін. ҚР Кодексін «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Медициналық қызметкерлерді әлеуметтік сақтандыру. Медициналық қызметкерлерді құқылы сақтандыру.

4. Иллюстрациялық материал: презентация (13 слайд ұсынылады).

5. Әдебиет: 1-қосымшаны қараңыз

6. Бақылау сұрақтары (кері байланысы):

1. Медициналық қызметкерлердің әлеуметтік сақтау жөнінде қандай шаралар жүргізіледі?

2. Медициналық қызметкерлердің құқықтық сақтау жөнінде қандай шаралар жүргізіледі?

№7 дәріс

1. Тақырыбы: Медицина қызметкерлерінің жауапкершілігі.

2. Мақсаты: Білім алушылар барлық медицина қызметкерлерінің жауапкершілігімен таныстыру.

3. Дәріс тезистері: Медицина және фармацевтика қызметкерлері: өздерінің кәсіби міндеттерін тиісінше орындауға, пациенттерге құрметпен және ізгілікпен қарауға, медициналық қызмет қағидаттарын басшылыққа алуға міндетті.

көмек көрсету; шұғыл жағдайларда халыққа шұғыл медициналық көмек көрсету; халық арасында медициналық білімді және салауатты өмір салтын насихаттау жөнінде жұмыс жүргізу; медицина және фармацевтика қызметкерлерінің Ар-намыс кодексін сақтау, дәрігерлік құпияны сақтау, аурулар, интимдік және отбасылық өмір туралы мәліметтерді жария етпеу кәсіби деңгейін үздіксіз дамыту және арттыру;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы Дәріс кешені «Денсаулық сақтау саясаты және заңнама»		58/ 12 16 беттің 10 беті

қажет болған жағдайларда кеңес беру үшін басқа бейіндегі мамандарды тарту немесе одан жоғары біліктілік. Осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, медицина және фармацевтика қызметкерлерінің кәсіби қызметіне мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар, сондай-ақ азаматтар тарапынан араласуға тыйым салынады.

Мемлекеттік емес денсаулық сақтау секторы ұйымдарының қызметкерлері болып табылса, бюджет қаражаты немесе жұмыс берушінің есебінен кемінде бес жылда бір рет біліктілік деңгейін арттыру; штат санының қысқаруына немесе мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары таратылуына байланысты қызметкер жұмыстан босатылған жағдайларда бюджет қаражаты немесе жұмыс беруші есебінен қайта даярлау; мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыруына байланысты еңбек (қызметтік) міндеттерін; ұйымдарға немесе азаматтарға тиесілі байланыс құралдарын, сондай-ақ оның өміріне қауіп төнген жағдайларда азаматты жақын маңдағы медициналық ұйымға тасымалдау үшін көліктің кез келген түрін кедергісіз және тегін пайдалану; қызметтік тұрғын үй беру; қызметінің жүріп-тұру сипатына байланысты көлік шығыстарын өтеу; өзінің кәсіптік міндеттерін жоғары сапалы деңгейде орындағаны үшін көтермелеу; өзінің кәсіптік жауапкершілігін қорғау ар-намысы мен қадір-қасиеті; медицина қызметкері тарапынан салақтықпен немесе салақтықпен қарау болмаған жағдайда азаматтың денсаулығына зиян келтіргені үшін кәсіби жауапкершілікті сақтандыру. Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары ғылыми-педагог кадрларының біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау бюджет қаражаты, жұмыс берушінің қаражаты, өз қаражаты есебінен, сондай-ақ тыйым салынбаған басқа да көздер есебінен жүзеге асырылады.

4. Иллюстрациялық материал: презентация (қоса берілген 9 слайд)

5.Әдебиет: -1 қосымшасын қараңыз

6 Бақылау сұрақтары (кері байланыс):

- 1.Медицина қызметкерлерін әлеуметтік қорғау бойынша қандай іс-шаралар өткізіледі?
- 2.Медицина қызметкерлерін құқықтық қорғау бойынша қандай іс-шаралар өткізіледі?
- 3.Мемлекеттік денсаулық сақтау саласында жұмыс істейтін медицина және фармацевтика қызметкерлерін әлеуметтік қорғау дегенімізге не өткізіледі?

№8 дәріс

1.Тақырыбы: Эвтаназия: өлімді таңдаудың өмірлік мәні

2.Мақсаты : Білім алушыларды эвтаназияның түсінігі мен түрлерімен таныстыру. Эвтаназия және биоэтика. ҚР эвтаназияны заңнамалық реттеу.

3.Дәріс тезистері: 154 бап. Эвтаназия

Қазақстан Республикасында эвтаназияны жүзеге асыруға тыйым салынады.

Эвтаназия-бұл өлімге әкелетін емделмейтін науқасқа бағытталған әрекет. Оның басты мақсаты-төзбейтін ауырсыну мен физикалық азапты жеңілдету. "Толығымен адамгершілік", - дейді Көптеген адамдар. Алайда, бұл жерде ешқандай проблема жоқ. Атап айтқанда, эвтаназияның қарсыластары күн сайын кейбір мемлекеттердің денсаулық сақтау министрлігінің хаттары мен өтініштерін осы әрекеттің азғындығын көрсетуге тырысады. Сондықтан эвтаназия проблемасы қазіргі әлемде әлі де өткір болып табылады және бүгінгі күні" жеңіл өлім " Жер шарының бірнеше елінде ғана заңдастырылды.

Эвтаназия түрлері

Қазіргі эвтаназия екі түрге бөлінеді – пассивті, медициналық көмек көрсетуді тоқтатуды білдіреді; және белсенді, оның барысында науқасқа жедел және ауыртпалықсыз өлімге әкелетін арнайы құралдар беріледі. Белсенді медициналық эвтаназияның үш түрі болуы мүмкін: пациенттің келісімінсіз (мысалы, егер пациент комада болса), оның орнына жақын туыстары немесе дәрігер процедураны мақұлдаған кезде; дәрігердің көмегімен; Тәуелсіз эвтаназия, онда пациент өзіне дәрі енгізеді немесе өзіне-өзі қол жұмсауға көмектесетін аппаратты қамтиды.

"Өлім құқығы" жас шектеулері

Эвтаназияға рұқсат етілген барлық елдердің ішінде тек Бельгия, Голландия, Швейцария және Люксембург оны балаларға қатысты қолдану мүмкіндігін ресми түрде заңдастырды. Басқа мемлекеттерде негізгі шектеу 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған жас болып табылады.

Бүгінгі таңда эвтаназияны қолдау: Албания. Бельгия. Люксембург. Нидерланды. Швейцария. Швеция. Люксембург. Германия. АҚШ-тың кейбір Штаттары.

QONTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы Дәріс кешені «Денсаулық сақтау саясаты және заңнама»		58/ 12 16 беттің 11 беті

Дәлелдер "үшін"

Бұл адамның өз өмірін заңнамалық және этикалық деңгейде басқаруға деген ұмтылысын толық жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Демократияның негізгі қағидасы-адам ең жоғары құндылық. Сондықтан мемлекет оның қажеттіліктерін, оның ішінде азаматтың өзінің өмір жолын аяқтағысы келетін тілегін қанағаттандыру үшін барлығын жасауы тиіс.

Эвтаназия-адамзаттың ең жоғары дәрежесі. Бұл гуманизм ілімінің негізі болып табылатын төзімсіз азап пен физикалық азапты біржола тоқтатуға мүмкіндік береді.

Мемлекеттер мұндай құқықты барлық азаматтар үшін емес, өз азаптарын шынымен жеңілдеткісі келетіндер үшін заңнамалық деңгейде іске асыруы керек.

Қарсы дәлелдер

Діни көзқарастар алғашқы тежегіш фактор болып табылады. Әлемдегі конфессиялардың айырмашылығына қарамастан, олардың барлығы дерлік әдейі өлтіруге тыйым салады, мұны "құдай өмір берді және оған билік етті" деп дәлелдейді. Өлімге әкелетін аурулармен үнемі күресу медицинаға тоқтап қалмауға, үнемі дамуға, жаңа дәрі-дәрмектер мен емдеу әдістерін іздеуге мүмкіндік береді.

Эвтаназияны енгізу бұл процесті айтарлықтай баяулатуы мүмкін. Айналасындағылар үшін

"ауыртпалық" болып табылатын физикалық тұрғыдан төмен адамдармен мүмкін проблемалар.

Олардың ақаулары әлеуметтік қысымға және "жұмсақ өлімге" мәжбүрлеуге себеп болуы мүмкін.

Эвтаназия кісі өлтіру әдістерінің біріне айналуы мүмкін, сонымен қатар қызмет ережелерін теріс

пайдалану, медициналық қызметкерлерді пара алу, қасақана зиян келтіру және т.б. науқастың

шынымен өлгісі келетінін түсіну өте қиын. Стресс, ұзаққа созылған депрессия, қоғамдық қысым

немесе қауіп – қатер-мұның бәрі процедураны шешуге өтініш беруі мүмкін. Керемет емдеу

жағдайлары толығымен алынып тасталды. Медицина науқастың қатерлі ісік ауруынан кейін кенеттен

аяғына тұрған немесе 20 жастағы комадан кейін оралған жүздеген жағдайларды біледі: ешкім бұдан

былай үміт артпаған кезде денсаулығы қалпына келді. Эвтаназиямен мұның бәрі алынып тасталады.

4.Иллюстрациялық материал: презентация(13 слайд ұсынылады).

5.Әдебиет: 1-қосымшаны қараңыз

6.Бақылау сұрақтары (кері байланысы):

1. Эвтаназия туралы түсінік?
2. Эвтаназияның қандай түрлерін білесіз?

№9 дәріс

1.Тақырыбы: Адамның репродуктивті құқықтарын қорғау. Азаматтардың ұрпақты болу құқықтарын қорғау саласындағы құқықтары мен міндеттері.

2.Мақсаты: Білім алушыларды репродуктивті денсаулықпен таныстыру. Репродуктивті құқық қорғау саласындағы азаматтардың құқықтары мен міндеттерін оқып үйрету.

3. Дәріс тезистері: 96-бап. Азаматтардың ұрпақты болу құқықтарын қорғау саласындағы құқықтары мен міндеттері

1. Азаматтардың:

- 1) ұрпақты болуды еркін таңдауға;
- 2) ұрпақты болу денсаулығын сақтау және отбасын жоспарлау жөнінде көрсетілетін қызметтерді алуға;
- 3) өзінің ұрпақты болу денсаулығының жай-күйі туралы дәйекті және толық ақпарат алуға;
- 4) бедеуліктен емделуге, оның ішінде Қазақстан Республикасында рұқсат етілген, ұрпақты болудың қазіргі заманғы қосалқы әдістері мен технологияларын қолдана отырып емделуге;
- 5) жыныстық жасушалар донорлығына;
- 6) контрацепция әдістерін пайдалануға және еркін таңдауға;
- 7) хирургиялық стерилизациялануға;
- 8) жүктілікті жасанды түрде үзуге;
- 9) өзінің ұрпақты болу құқықтарын қорғауға;
- 10) балалардың санына және олардың некеде немесе некесіз тууының уақытына, туу аралығындағы ана мен баланың денсаулығын сақтау үшін қажетті аралық жиілікке қатысты шешімді ерікті түрде қабылдауға;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы Дәріс кешені «Денсаулық сақтау саясаты және заңнама»		58/ 12 16 беттің 12 беті

11) жыныстық жасушаларды сақтауға құқығы бар.

2. Кәмелетке толмаған адамдардың ұрпақты болу денсаулығын сақтауға, сондай-ақ имандылық-жыныстық тәрбие алуға құқығы бар.

3. Азаматтар өздерінің ұрпақты болу құқықтарын жүзеге асыру кезінде басқа азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтауға міндетті.

97-бап. Әйелдердің жүктілік, босану және босанғаннан кейінгі кезеңінде денсаулығын сақтау

1. Әйелдің жүктілік кезеңінде, босану кезінде және босанғаннан кейін, оның ішінде шарананы тірі туудың және өлі туудың халықаралық кри-терийлерімен айқындалатын мерзімінен бұрын босанғаннан кейін Қазақстан Республикасының аумағында рұқсат етілген әдістерді қолдана отырып, денсаулығын сақтауға және көмек алуға құқығы бар.

2. Жүкті, босанатын және босанған әйелдерге денсаулық сақтау жүйесі ұйымдарында медициналық, консультациялық көмек тегін медициналық көмек-тің кепілдік берілген көлемі шегінде ұсынылады.

3. Жүктілік кезеңінде зерттеп-қарау, емдеу және медициналық араласу әйелдің немесе оның заңды өкілінің келісімімен ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

Зерттеп-қарауды, емдеуді және медициналық араласуды кешеуілдету әйелдің және баланың (шарананың) өміріне қауіп төндіретін жағдайларда зерттеп-қарауды, емдеуді және медициналық араласуды жүзеге асыру туралы шешімді дәрігер немесе дәрігерлік комиссия қабылдайды.

98-бап. Бедеуліктен емделу

1. Адамдардың денсаулық сақтау ұйымдарында, жеке медициналық практикамен айналысатын жеке тұлғаларда қауіпсіз және тиімді әдістермен, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға уәкілетті орган Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес рұқсат еткен, ұрпақты болудың қосалқы әдістері мен технологияларын пайдалана отырып, олардың тиімділігі, қолданудың оңтайлы мерзімдері туралы, ықтимал асқынулар, медициналық және құқықтық салдарлары туралы толық әрі түбегейлі ақпаратты және олардың организмге әсер етуіне қатысты өзге де мәліметтерді міндетті түрде ала отырып, бедеуліктен емделуге құқығы бар.

2. Тіркелген, некеде тұрған адамдардың ұрпақты болудың қосалқы әдістері мен технологияларын өзара келісім бойынша ғана пайдалануға құқығы бар.

99-бап. Ұрпақты болудың қосалқы әдістері мен технологиялары, клондау

1. Әйелдердің ұрпақты болудың қосалқы әдістері мен технологияларына (жасанды инсеминацияға, жасанды ұрықтандыруға және эмбрионды имплантациялауға) құқығы бар.

2. Ұрпақты болудың қосалқы әдістері мен технологияларын жүргізудің тәртібі мен шарттарын уәкілетті орган айқындайды.

3. Жыныспен байланысты аурулардың тұқым қуалау мүмкіндігі жағдайларын қоспағанда, ұрпақты болудың қосалқы әдістері мен технологияларын пайдалану кезінде болашақ баланың жынысын таңдауға жол берілмейді.

4. Адамның эмбрионын коммерциялық, әскери және өнеркәсіптік мақсаттар үшін алуға болмайды.

5. Қазақстан Республикасында адамды клондауға - генетикалық жағынан бірдей түрлерді өрбітіп-өсіруге тыйым салынады.

100-бап. Суррогат ана болу кезіндегі медициналық көмек

1. Суррогат ана болу суррогат ана (донорлық эмбрион енгізілгеннен кейін ұрықты көтеріп жеткізетін әйел) мен ықтимал ата-ана арасындағы шарт бойынша бала көтеруді және мерзімінен бұрын босану жағдайларын қоса алғанда, бала тууды білдіреді.

2. Медициналық-генетикалық зерттеп-қарау нәтижелерін қоса алғанда, психикалық, соматикалық және ұрпақты болу денсаулығының қанағаттанарлық жай-күйі туралы медициналық қорытынды алған жиырма жасан отыз бес жасқа дейінгі әйелдер суррогат ана бола алады.

3. Суррогат ананың, ықтимал ата-аналардың құқықтары мен міндеттері, баланың құқықтары және келісім-шарт жасасу тәртібі Қазақстан Республикасының неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы заңнамасымен реттеледі.

101-бап. Жыныстық жасушалар донорлығы және оларды сақтау

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы Дәріс кешені «Денсаулық сақтау саясаты және заңнама»		58/ 12 16 беттің 13 беті

1. Он сегіз жастан отыз бес жасқа дейінгі, тәні мен психикасы сау, медициналық-генетикалық зерттеп-қараудан өткен азаматтардың жыныстық жасушалардың донорлары болуға құқығы бар.
2. Донорлардың өздерінің донорлық жыныстық жасушаларының кейінгі тағдыры туралы ақпаратқа құқығы жоқ.
3. Донорлықты жүргізудің және жыныстық жасушаларды сақтаудың тәртібі мен шарттарын уәкілетті орган бекітеді.

102-бап. Контрацепцияны пайдалану

1. Азаматтардың контрацепция, оның ішінде медициналық контрацепция әдістері мен құралдарын таңдауға, сондай-ақ олардан бас тартуға құқығы бар.
2. Азаматтарға денсаулығының жай-күйін, жасын және өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, контрацепцияның қолайлы әдістері мен құралдарын жеке іріктеу жөніндегі медициналық көмек көрсетіледі.

103-бап. Хирургиялық стерилизациялау

1. Қаламаған жүктіліктің алдын алу әдісі ретінде хирургиялық стерилизациялау отыз бес жастан асқан немесе кемінде екі баласы бар азаматтарға қатысты, ал медициналық айғақтар мен кәмелеттік жастағы азаматтың келісімі болған жағдайда - жасына және балаларының бар-жоғына қарамастан жасалуы мүмкін.
2. Хирургиялық стерилизациялауды денсаулық сақтау ұйымдары, жеке медициналық практикамен айналысатын, осы қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар жеке тұлғалар осы операцияның біржола жасалатыны туралы міндетті түрде алдын ала хабардар ете отырып, азаматтың жазбаша келісімі бойынша ғана жүргізеді.
3. Хирургиялық стерилизациялауды жүргізудің тәртібі мен шарттарын уәкілетті орган бекітеді.

104-бап. Жүктілікті жасанды түрде үзу

1. Әйелдің жүктілікті жасанды түрде үзуге құқығы бар.
Жүктілікті жасанды түрде үзудің алдын алу мақсатында дәрігерлер моральдық-этикалық, психологиялық және физиологиялық теріс салдарларды, ықтимал асқынуларды түсіндіруге бағытталған әңгімелер өткізуге міндетті.
2. Жүктілікті жасанды түрде үзу әйелдің қалауы бойынша жүктіліктің он екі аптаға дейінгі мерзімінде, әлеуметтік айғақтар бойынша - жүктіліктің жиырма екі аптаға дейінгі мерзімінде, ал жүкті әйелдің және (немесе) шарананың өміріне қатер төндіретін медициналық айғақтар болған кезде (шарананың дамуы мен жай-күйінің өмірмен сыйыспайтын туа біткен кемістігі түзелмейтін монотектік генетикалық аурулар болған кезде) - жүктіліктің мерзіміне қарамастан жасалады.
3. Кәмелетке толмаған адамның жүктілікті жасанды түрде үзуі олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің келісімімен жүргізіледі.
4. Емдеу-профилактикалық ұйымдарда әйелдің қалауы бойынша жүктілікті жасанды түрде үзуге дейін және одан кейін, контрацепция әдістері мен құралдарын жеке іріктеуді қоса алғанда, медициналық-әлеуметтік консультация өткізіледі.
5. Жүктілікті жасанды түрде үзудің тәртібі мен шарттарын уәкілетті орган бекітеді.

4.Иллюстрациялық материал: презентация(15 слайд ұсынылады).

5.Әдебиет: 1-қосымшаны қараңыз

6.Бақылау сұрақтары (кері байланысы):

- 1.Репродуктивті денсаулық дегеніміз не?
2. Адамның репродуктивті құқығын қорғаумен кім айналысады?
3. Репродуктивті құқықты қорғау аясындағы азаматтардың міндеттері мен құқықтары қандай?

№10 дәріс

1.Тақырыбы: Медицина қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері

2.Мақсаты: Білім алушылар денсаулық сақтау саласындағы ғылыми және білім беру қызметімен таныстыру.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы Дәріс кешені «Денсаулық сақтау саясаты және заңнама»		58/ 12 16 беттің 14 беті

3. Дәріс тезистері: Медицина қызметкері-бұл бейінді медициналық білімі бар және денсаулық сақтауға тікелей қатысы бар ұйымда еңбек қызметін жүзеге асыратын жеке тұлға. Медицина қызметкерлері: өз біліктілігіне, лауазымдық нұсқаулықтарына, қызметтік және лауазымдық міндеттеріне сәйкес медициналық көмек көрсетуге; дәрігерлік құпияны сақтауға; атқарушы биліктің уәкілетті органы белгілеген тәртіппен және мерзімде білім беру және ғылыми ұйымдарда қосымша кәсіптік бағдарламалар бойынша оқыту арқылы кәсіби білім мен дағдыларды жетілдіруге міндетті. Медицина қызметкерлерінің құқықтары

Оларға мыналар жатады:

- * еңбек тәртібін, кәсіптің этикасы мен деонтологиясын сақтау
- * қызметтік міндеттерін адал орындау
- * жұмыс берушінің мүлкіне ұқыпты қарау
- * дәрігерлік құпия немесе дербес деректер болып табылатын ақпарат пен мәліметтерді жария етпеу
- * дәрігердің антын орындау (оны медициналық жоғары оқу орындарының түлектері қабылдайды)
- * дәрілік препараттарды заңнамаға қатаң сәйкестікте тағайындау
- * эвтаназияға тыйым салу

175 бап. Денсаулық сақтау саласындағы білім беру қызметі

1. Денсаулық сақтау саласындағы білім беру қызметінің міндеттері Денсаулық сақтау жүйесі үшін кәсіби ғылыми-педагогикалық, медициналық және фармацевтикалық кадрларды даярлау, олардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау болып табылады.

2. Денсаулық сақтау саласындағы білім беру қызметі Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы заңнамасына сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын медициналық және фармацевтикалық білім беру ұйымдарында және білім беру ұйымдарының медициналық және фармацевтикалық факультеттерінде жүзеге асырылады. Медициналық білім беру бағдарламаларын іске асырудың міндетті шарты медициналық білім беру ұйымдарының клиникалық базалары - клиникалық бөлімшелерінің, сондай-ақ медициналық білім беру ұйымдарымен шарттар бойынша Медициналық және фармацевтикалық кадрларды даярлау үшін тиісті жағдайлар ұсынатын денсаулық сақтау ұйымдарының болуы болып табылады.

3. Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды және медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша үлгілік кәсіптік оқу бағдарламаларын, сондай-ақ жоғары медициналық білім беру ұйымдарының клиникалық базалары туралы ережені және оларға қойылатын талаптарды уәкілетті орган бекітеді.

4. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын меңгерген адамдар үшін мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжат, ал клиникалық мамандықтар бойынша маман сертификаты да олардың медициналық ұйымдарда лауазымдарға орналасуы үшін негіз болып табылады.

5. Жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық және фармацевтикалық білім резидентураны, магистратураны және докторантураны қамтиды. Резидентура туралы ережені уәкілетті орган бекітеді.

6. Қосымша білім беру қосымша білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын медициналық білім беру және ғылым ұйымдарында жүзеге асырылады.

Қосымша білім берудің негізгі нысандары медицина және фармацевтика кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау болып табылады. Медицина және фармацевтика кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

7. Медицина және фармацевтика кадрларын даярлауды жоспарлауды уәкілетті орган, сондай-ақ денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары саланың қажеттілігін ескере отырып, өз өкілеттіктері шегінде жүзеге асырады.

4 Иллюстрациялық материал: презентация (коса берілген 15 слайд)

5.Әдебиет: -1 қосымшасын қараңыз

6 Бакылау сұрақтары (кері байланыс):

Медицина қызметкері туралы анықтама берсеңіз?

Медицина қызметкерлерінің құқықтарын атап берсеңіз?

QNTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы Дәріс кешені «Денсаулық сақтау саясаты және заңнама»		58/ 12 16 беттің 15 беті

Қосымша №1

Әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер

Medical law : textbook / Zh. U. Tlembaeva [et. al.]; ed. J. U. Tlembaeva. - Astana : Medet Group , 2024. - 196 р.

Медицинское право : учебник / Ж. У. Тлембаева [и др.] ; ред. Ж. У. Тлембаева. - Астана : Medet Group , 2023. - 218 с.

Медициналық құқық : оқулық / Ж. У. Тлембаева [және т.б.]. - Астана, 2023. - 214 б.

Весельская, Н. Р. Финансовое право Республики Казахстан : учебник / Н. Р. Весельская., М. Т. Какимжанов ; М-во образования и науки РК. - Алматы : [б. и.], 2015. - 312 с

Бөлешов, М. Ә. Қоғамдық денсаулық және денсаулықты сақтау : оқулық / М. Ә. Бөлешов. - Алматы : Эверо, 2015. - 244 бет с.

Лисицын, Ю. П. Общественное здоровье и здравоохранение: учебник / Ю. П. Лисицын, Г. Э. Улумбекова. - 3-е изд., перераб. и доп. ; Мин-во образования и науки РФ. Рек. ГОУ ВПО "Первый гос. мед. ун-т им. И. М. Сеченова". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 544 с.

Альжанова, А. Н. Основы права : учеб. пособие / А. Н. Альжанова, К. К. Райханова. - ; Рек. Ученым советом и Науч.-метод. советом КарГМУ. - Алматы : Эверо, 2014. - 134 с

Медик, В. А. Общественное здоровье и здравоохранение: учебник / В. А. Медик, В. К. Юрьев. - 2-е изд., испр. и доп. ; Рек. ГОУ ВПО "Моск. мед. акад. им. И. М. Сеченова". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 608 с.

Қосымша әдебиеттер

Медик В. А. Общественное здоровье и здравоохранение : рук. к практическим занятиям: учеб. пособие / В. А. Медик, В. И. Лисицын, М. С. Токмачев. - 3-е изд. перераб. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2024. - 496 с.

Legal issues in medical practice. Medicolegal guidelines for safe practice [Text] : textbook / ed. VP Singh. - 2th ed. - New Delhi. London : Jaypee Brothers Medical Publishers, 2020. - 351 р.: б/ц Перевод заглавия: Юридические вопросы в медицинской практике. Медико-правовые рекомендации по безопасной практике

Жанысбеков, М. А. Основы антикоррупционной культуры: учебно-методическое пособие / М. А. Жанысбеков, Н. А. Абдурахманов, А. С. Еркинбекова. - Караганда : АҚНҰР, 2016. - 198 с

Қазақстан Республикасының халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодексі = Кодекс Республики Казахстан о здоровье народа и системе здравоохранения : законы и законодательные акты / ҚР денсаулық сақтау министрлігі. - Астана : Б. ж., 2009. - 320 бет

Электронды басылымдар

Лисицын, Ю. П. Общественное здоровье и здравоохранение [Электронный ресурс] : учебник / Ю. П. Лисицын, Г. Э. Улумбекова. - 3-е изд., перераб. и доп. - Электрон. текстовые дан. (43,1Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2017. - эл. опт. диск (CD-ROM).

Основы антикоррупционной культуры [Электронный ресурс] : учебное пособие / под ред. Б. С. Абдрасилова. - Электрон. текстовые дан. (702Мб). - Астана : Акад. Гос. упр. при Президенте РК, 2016. - 176 с

Медицинское право : учебник / С. В. Агиевец, Г. А. Василевич, А. Г. Авдей [и др.] ; под редакцией С. В. Агиевец, Г. А. Василевича. — : Высшэйшая школа, 2022. — 336 с. / <https://www.iprbookshop.ru/129934>

Бәлешов М.Ә.Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау: оқулық /М.Ә. Бәлешов.- Алматы: Эверо, 2020. - 244 бет. https://www.elib.kz/ru/search/read_book/674/

Баймағамбетов С.З., Альжанова Р.С. Развитие системы здравоохранения Казахстана на рубеже веков (исторический анализ). – Учебное пособие. – Алматы: Эверо, 2020.120 с. https://www.elib.kz/ru/search/read_book/68/

Медициналық құқық. Қошқарбаев Е.Е. , 2014/. <https://aknurpress.kz/reader/web/1512>

Медицинские уголовные правонарушения : Монография. Рустемова, Г.Р. - Алматы: КазАТи СО, 2016. - 133 с. / <http://rmebrk.kz/book/1171882>

Медицинское право Республики Казахстан : Программа обучения для обучающегося (Syllabus). / Сост. С.М. Демежанова. - Костанай: КГУ им. А. Байтұрсынова, 2013. - 112 с./ <http://rmebrk.kz/book/1025790>

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы Дәріс кешені «Денсаулық сақтау саясаты және заңнама»		58/ 12 16 беттің 16 беті

Менеджмент және денсаулық сақтауды ұйымдастыру. Р.К.Бигалиева,
– Алматы, - ТОО «Эверо» 2020. – 304 б. https://www.elib.kz/ru/search/read_book/107/
Основы стратегического менеджмента: Учебное пособие. Утегулова Б.С., Мырзаханова Д.Ж. ЖК «LP-Zhasulan». – Алматы, 2019. – 194 б. <https://aknurpress.kz/reader/web/2349> Медицинское право Республики Казахстан : Программа обучения для обучающегося (Syllabus). / Сост. С.М. Демежанова. - Костанай: КГУ им. А. Байтұрсынова, 2013. - 112 с./ <http://rmebrk.kz/book/1025790>